

"Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру" мемлекеттік қызмет стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 21 маусымдағы № 813 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1552 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1552 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 34-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған «Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру , қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>	Республикасы
Үкіметінің		
2012 жылғы	21	маусымдағы
№ 813	қаулысымен	
бекітілген		

«Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 қаңтардағы № 29 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8, Министрліктер үйі, № 7 кіреберіс, 552-кабинет мекенжайы бойынша орналасқан, электрондық мекенжайы www.minfin.kz Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті (бұдан әрі – уәкілетті орган) мекенжайлары осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі – Орталық) арқылы, сондай-ақ www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы немесе www.elicense.kz «Е-лицензиялау» веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Аудиторлық қызмет туралы» 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 5) тармақшасының, «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының және «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы негізінде көрсетіледі.

4. «Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі – стандарт) :

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің www.minfin.kz интернет-ресурсында ;

2) Орталықтың стендтерінде ;

3) порталда ;

4) «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының: www.con.gov.kz интернет – ресурсында орналастырылған.

Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат call-центр телефоны арқылы да ұсынылуы мүмкін: (1414).

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру болып табылады не уәкілетті органның мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы электронды құжат нысанындағы уәкілетті лауазымды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған дәлелді жауабы болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) Орталықта :

лицензия беру – мемлекеттік қызмет алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды ұсынған күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде ;

лицензияны қайта ресімдеу – мемлекеттік қызмет алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды ұсынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде;

лицензияның телнұсқаларын беру – мемлекеттік қызмет алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды ұсынған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде;
порталда:

лицензия беру – мемлекеттік қызмет алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды ұсынған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде;

лицензияны қайта ресімдеу – мемлекеттік қызмет алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды ұсынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде;

2) мемлекеттік қызметті алғанға дейін ең жоғары рұқсат етілетін күту уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) мемлекеттік қызмет алушыға өтініш берген күні ең жоғары рұқсат етілетін қызмет көрсету уақыты – 20 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы көрсетіледі. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 471-бабына сәйкес аудиторлық қызметті жүзеге асыру құқығы үшін лицензиялық алым 10 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды.

Лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензияны беру кезіндегі ставканың 10%-ын құрайды, бірақ 4 АЕК-тен аспайды.

Лицензияның телнұсқасын бергені үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі ставканың 100 %-ын құрайды.

Лицензиялық алым Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері арқылы төленеді, олар төлемнің мөлшерін және төленген күнін растайтын түбіртек немесе өзге құжат береді.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алуға электрондық өтініш берілген жағдайда, төлеу «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.

9. Жұмыс кестесі:

1) Орталықтарда құжаттарды қабылдау демалыс күндерін және мереке күндерін қоспағанда, еңбек заңнамасына сәйкес, Орталықтың бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес күн сайын сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін үзіліссіз көрсетіледі.

Қабылдау «электронды кезек» тәртібімен алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

2) порталда – тәулік бойы.

10. Мемлекеттік қызмет:

- 1) мемлекетті қызмет алушының таңдауы бойынша Орталық ғимаратында көрсетіледі, онда мүмкіндіктері шектеулі адамдардың қолжетімділігі үшін жағдай жасалған. Аумақтық органдардың үй-жайларында және Орталықтың ғимараттарында күту залы және ақпараттық стенділер бар;
- 2) порталда – жеке кабинетте көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мына құжаттарды ұсыну қажет:

О р т а л ы қ қ а :

- 1) лицензия алу үшін:
өтініш (Орталыққа ұсынылған кезде – өтініш сканерленеді және Орталықтың қызметкері құжаттың электронды көшірмесі түрінде жібереді);
ж а р ғ ы н ы ң к ө ш і р м е с і ;
заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе
а н ы қ т а м а н ы ң к ө ш і р м е с і ;

ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

аудиторлық қызметпен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған) (Орталыққа ұсынылған кезде – сканерленеді және Орталықтың қызметкері электронды сұрауға тіркейді);

осы аудиторлық ұйымда жұмыс істейтін аудиторларға «аудитор» біліктілігін беру туралы біліктілік куәліктерінің және оның негізінде осы аудиторлық ұйыммен еңбек қатынастарында тұратын құжаттардың көшірмелері (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда осы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері) (Орталыққа ұсынылған кезде – сканерленеді және Орталықтың қызметкері құжаттың электронды көшірмесі түрінде жібереді);

«аудитор» біліктілігін беру туралы біліктілік куәлігінің, еңбек кітапшасының, жеке еңбек шартының көшірмелері не басшыны қабылдау және жұмыстан босату туралы бұйрықтардан үзінді көшірмелер (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда осы құжаттардың нотариалды

куәландырылған көшірмелері) (Орталыққа ұсынылған кезде – сканерленеді және Орталықтың қызметкері құжаттың электронды құжат көшірмесі түрінде жібереді)

Құжаттарда, жарғыда, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікте* немесе анықтамада қамтылған ақпаратты уәкілетті лауазымды адамдардың ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжаттар нысанында портал немесе Орталықтың электрондық жүйесі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алу мүмкіндігі болған кезде, оларды ұсыну талап етілмейді;

ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

Шетелдік ұйым (шетелдік ұйымдар) Қазақстан Республикасының резиденті - аудиторлық ұйымды құрған кезде жоғарыда айтылған құжаттардан басқа, шетелдік аудиторлық ұйым өзінің мәртебесін растау үшін:

лицензияның нотариалды куәландырылған көшірмесін не өзі резиденті болып табылатын елдің кәсіби аудиторлық ұйымы немесе мемлекеттің құзыретті органы беретін аудиторлық ұйымның мәртебесін растау туралы хаттың түпнұсқасын нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге (Орталыққа ұсынылған кезде – сканерленеді және Орталықтың қызметкері құжаттың электронды көшірмесі түрінде жібереді);

шетелдік аудиторлық ұйымның мәртебесін растайтын кәсіби аудиторлық ұйымның Халықаралық бухгалтерлер федерациясының мүшесі екендігі туралы құжатты (Орталыққа ұсынылған кезде – сканерленеді және Орталықтың қызметкері құжаттың электронды көшірмесі түрінде жібереді) ұсынады.

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін:

өтініш (Орталыққа ұсынылған кезде – өтініш сканерленеді және Орталықтың қызметкері құжаттың электронды көшірмесі түрінде жібереді);

аудиторлық қызметті жүзеге асыру құқығына бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған) (Орталыққа ұсынылған жағдайда – сканерленеді және Орталықтың қызметкері электронды сұрауға т і р к е й д і) ;

көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар (құрылтайшылар шешімі, жарғы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік* немесе а н ы қ т а м а) ;

ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

Мемлекеттік қызмет алушы қайта ресімделген лицензияны алған кезде уәкілетті органға бұрын берілген лицензияны қайтарады (лицензия қағаз түрінде б о л ғ а н к е з д е) .

3) лицензияның телнұсқасын алу үшін: өтініш (Орталыққа ұсынылған кезде – өтініш сканерленеді және Орталықтың қызметкері құжаттың электронды көшірмесі түрінде жібереді); аудиторлық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған) (Орталыққа ұсынылған жағдайда – сканерленеді және Орталықтың қызметкері электронды сұрауға т і р к е й д і) ;

нөмірі мен берілген күнін көрсете отырып, лицензияны жарамсыз деп тану туралы мәліметтердің мерзімді баспасөз басылымдарында жариялануын растайтын құжат (Орталыққа ұсынылған жағдайда – сканерленеді және Орталықтың қызметкері электронды сұрауға тіркейді).

Құжаттарды қабылдаған кезде Орталықтың қызметкері құжаттардың түпнұсқалығын және құжаттардың қалпына келтірілген электрондық көшірмелерімен салыстырып тексереді, содан кейін түпнұсқаларын мемлекеттік қызметті алушыға қайтарады.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет алушының құжаттарын қабылдаған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті. Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі анықталған жағдайда уәкілетті орган көрсетілген мерзімде өтінішті бұдан әрі қараудан бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап береді.

Электронды сұрау және оған тіркелген құжаттар Орталық арқылы электронды түрде жіберіледі, олар мемлекеттік қызмет алушының жазбаша келісімінің негізінде Орталық қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылады.

П о р т а л д а :

1) лицензияны алу үшін: электронды құжат түріндегі өтініш; жарғының көшірмесі; заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе

ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

салық органында есепке қою туралы куәліктің көшірмесі;

ЭҮТШ арқылы лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы ақпарат; осы аудиторлық ұйымда жұмыс істейтін аудиторларға «аудитор» біліктілігін беру туралы біліктілік куәліктерінің және оның негізінде осы аудиторлық ұйыммен еңбек қатынастарында тұратын құжаттардың көшірмелері;

«аудитор» біліктілігін беру туралы біліктілік куәлігінің, еңбек кітапшасының, жеке еңбек шартының көшірмелері не басшыны қабылдау және босату туралы бұйрықтардан үзінді көшірмелер;

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде бар құжаттардың, жарғының, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, салық органында есепке қою туралы куәліктің мәліметтерді, ЭҮТШ арқылы лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы ақпаратты уәкілетті орган портал арқылы уәкілетті лауазымды тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған электронды құжаттар түрінде алады.

Шетелдік ұйым (шетелдік ұйымдар) Қазақстан Республикасының резиденті – аудиторлық ұйымды құрған кезде жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа, өзінің шетелдік аудиторлық ұйым мәртебесін растау үшін:

елдің кәсіби аудиторлық ұйымы немесе өзі резиденті болып табылатын мемлекеттің құзыретті органы беретін аудиторлық ұйымның мәртебесін растау туралы хаттың нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге түпнұсқасы не лицензияның нотариалды куәландырылған көшірмесі (сканерленген көшірмесі түрінде құжаттың электронды сұрауына тіркеледі);

шетелдік аудиторлық ұйымның мәртебесін растайтын кәсіби аудиторлық ұйымның Халықаралық бухгалтерлер федерациясының мүшесі екендігі туралы құжат (сканерленген көшірмесі түрінде құжаттың электронды сұрауына тіркеледі)

)

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін:
электрондық құжат түріндегі өтініш;

ЭҮТШ арқылы лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы ақпарат;

көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар:

құрылтайшылар шешімі – мемлекеттік қызмет алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат түрінде не сканерленген көшірмесі түрінде құжаттың

электронды сұрауына тіркеледі;
заңды тұлғаның жарғысы – сканерленген көшірмесі түрінде құжаттың
электронды сұрауына тіркеледі;
лицензияның деректері (порталда болған жағдайда) не лицензия сканерленген
көшірме түрінде электронды сұрауға тіркеледі (лицензия қағаз тасығышта болған
жағдайда) .

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде бар құжаттардың, жарғының, заңды
тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе
анықтаманың мәліметтерін, ЭҮТШ арқылы лицензиялық алымның бюджетке
төленгені туралы ақпаратты уәкілетті орган портал арқылы уәкілетті лауазымды
адамның ЭЦҚ-мен куәландырылған электронды құжаттар нысанында алады;

ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік
тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012
жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа
енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (
есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі
тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

Электронды сұрау және оған тіркелген құжаттар электронды түрде портал
арқылы жіберіледі, олар мемлекеттік қызмет алушының ЭЦҚ-мен
куәландырылады .

Егер уәкілетті орган белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет алушыға
лицензияны (лицензияның телнұсқасын) бермеген не лицензияны беруден, қайта
ресімдеуден, электронды құжат нысанында лицензияның телнұсқасын беруден
дәлелді түрде бас тартуды ұсынбаған жағдайда, оларды беру мерзімдері өткен
күннен бастап лицензия берілді деп есептеледі.

Уәкілетті орган лицензияны беру мерзімдері өткен сәттен бастап бес жұмыс
күнінен кешіктірмей өтініш берушіге тиісті лицензияны беруге міндетті.

Уәкілетті орган лицензияны бермеген жағдайда бес жұмыс күні өткеннен
кейін лицензия алынды деп есептеледі. Өтініштің қабылданғаны туралы өтініш
беруші алған хабарлама лицензия алынғанға дейін лицензияланатын қызмет
түрін жүзеге асырудың заңды екенін растайтын құжат болып табылады.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.06.2013 N 574
қаулысымен .**

12. Мемлекеттік қызметті алуға арналған өтініш нысаны:

- 1) орталықтың: www.con.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылады;
- 2) портал арқылы мемлекеттік қызметті алу үшін электронды сұрау нысанын
то л т ы р у қ а ж е т .

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес лицензиясынан

айырылған аудиторлық ұйымға лицензия беруге өтініш бір жылдан кейін қ а р а л а д ы .

13. Орталыққа өтініш білдірген кезде электронды сұрау жіберу Орталық қызметкерінің автоматтандырылған жұмыс орны арқылы жүзеге асырылады.

Порталда өтініш білдірген кезде электронды сұрау жіберу мемлекеттік қызмет алушының «жеке кабинеті» арқылы жүзеге асырылады. Сұрау салу таңдалған қызметке сәйкес уәкілетті органға – адресатқа автоматты түрде ж і б е р і л е д і .

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті барлық құжаттар тапсырылған кезде мемлекеттік қызмет алушыға:

1) орталыққа өтініш білдірген кезде мыналар:
сұрау салуды қабылдау нөмірі мен күні;
сұрау салынатын мемлекеттік қызмет түрі;
қосымша берілген құжаттардың саны мен атауы;
құжаттарды беру күні (уақыты) және жері;
құжаттарды ресімдеуге сұрауды қабылдаған Орталық қызметкерінің тегі, аты, ә к е с і н і ң а т ы ;

мемлекеттік қызмет алушының тегі, аты, әкесінің аты, уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты және олардың байланыс телефондары көрсетіле отырып, тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі;

2) портал арқылы өтініш білдірген кезде мемлекеттік қызмет алушының порталдағы жеке кабинетіне мемлекеттік қызмет алушының мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күнін және уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызмет ұсыну үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

15. Мемлекеттік қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

1) Орталықта – қолма қол (мемлекеттік қызмет алушының өзінің не сенімхат бойынша өкілінің келуі) жүзеге асырылады.

Егер мемлекеттік қызмет алушы көрсетілген мерзімде қызмет нәтижесіне өтініш білдірмеген жағдайда, Орталық оның бір ай ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін уәкілетті органға жібереді.

2) порталда – мемлекеттік қызмет алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

16. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға мыналар негіздеме болып т а б ы л а д ы :

1) аудиторлық қызметпен айналысу субъектілердің осы санаты үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынуы;

2) аудиторлық қызметті жүзеге асыру құқығы үшін лицензиялық алымның е н г і з і л м е у і ;

3) мемлекеттік қызмет алушының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

4) мемлекеттік қызмет алушыға қатысты оған аудиторлық қызметпен

айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімінің болуы;
5) сот орындаушысының ұсынымы негізінде соттың мемлекеттік қызмет алушыға лицензия алуға тыйым салуы;
6) «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабының негіздері.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Уәкілетті органның қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:
1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
2) қызметтік борышты өтеу кезінде заңдылықты сақтау;
3) с ы п а й ы л ы қ ;
4) мемлекеттік қызметтің рәсімі туралы толық ақпарат беру;
5) ақпаратты қорғау және оның құпиялылығы;
6) мемлекеттік қызмет алушы белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 2- қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.
19. Олар бойынша мемлекеттік органның жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті орган қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты уәкілетті органның ішкі әкімшілендіру және персоналмен жұмыс басқармасынан мына телефондар арқылы 74-35-67, 74-30-57, 74-30-97 не Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8, Министрліктер үйі, № 7 кіреберіс, 650-кабинет мекенжайы бойынша алуға болады.

Портал жұмысына шағымдану тәртібі туралы ақпаратты call-орталығы телефоны арқылы алуға болады: (1414).

21. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің атына беріледі.

Қаржы министрлігі кеңсесінің қабылдау күндері: еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері күн сайын сағат 9.00-ден 16.00-ге дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін үзіліс, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11, 612-кабинет мекенжайы бойынша.

22. Дұрыс қызмет көрсетілмеген жағдайда Орталық қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым мекенжайы және телефоны осы стандарттың 26-тармағында көрсетілген тікелей Орталық басшысына немесе Орталық РМК - ның басшысына беріледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызмет алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқығы бар.

24. Шағымдар еркін жазбаша (баспа) түрде ресімделеді.

25. Қабылданған шағым уәкілетті органның журналында тіркеледі және « Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде қарастырылады. Мемлекеттік қызмет алушыға күні және уақыты, өтінішті (шағымды) қабылдаған адамның тегі және аты-жөні көрсетілген талон беріледі. Шағымды қарастыру нәтижелері туралы алушыға почта арқылы хат түрінде хабарланады.

Орталық немесе Орталық РМК кеңселерінде (шағымның екінші данасына немесе оған ілеспе хатқа мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркелген күні қойылады) тіркелгені Орталыққа қолма-қол әкелінген, почта арқылы келіп түскен шағымды қабылдағанын растау болып табылады.

Шағымды қарау барысы туралы ақпаратты шағымды қабылдаған адамнан не осы стандарттың 20-тармағында көрсетілген телефондар бойынша алуға болады.

Мемлекеттік қызмет алушыға оның шағымы қабылданғанын растау үшін шағымды қабылдаған адам талон береді, онда байланыс деректері көрсетіле отырып, нөмірі, күні, шағымды қабылдаған адамның тегі көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет алушыға шағымды қарау нәтижелері туралы жазбаша түрде почта арқылы хабарланады.

Порталда мемлекеттік қызмет алушының «жеке кабинетінен» портал арқылы электронды өтініш жіберілгеннен кейін өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол мемлекеттік органда өтінішті өңдеу кезінде жаңартылады (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы, қаралуы туралы жауап немесе қараудан бас тарту белгілері).

26. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің Орталығы РМК: Астана қаласы, Республика даңғылы, 43 А үй, телефоны: (7172) 94-99-95, интернет – ресурс: www.con.gov.kz.

Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру»

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ СТАНДАРТЫНА
1-ҚОСЫМША

Халыққа қызмет көрсету орталықтарының тізбесі

Р/с №	Орталықтардың (филиалдардың, бөлімдердің, бөлімшелердің) атауы	Орналасқан мекенжайы	Байланыс деректері
1	2	3	4
«Ақмола облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
1.	«Ақмола облысының ХҚО» РМК филиалы	Көкшетау қ., Әуезов к-сі, 189 а	8-7162-40-10-76 8-7162-40-10-63
1)	Көкшетау қалалық бөлімі	Көкшетау қ., Біржан сал к-сі, 42	8-7162-25-00-67 8-7162-25-06-21
2)	Красный Яр ауылының аудандық бөлімі	Красный Яр аулы, Ленин к-сі, 65	8-7162-40-43-27
3)	Ақкөл аудандық бөлімі	Ақкөл ауд., Ақкөл қ., Нұрмағамбетов к-сі, 102	8-71638-2-09-96 8-71638-2-18-49
4)	Аршалы аудандық бөлімі	Аршалы ауд., Аршалы қ., М. Мәметова к-с, 19	8-71644-2-10-77 8-71644-2-28-28 8-71644) 2-10-77
5)	Атбасар аудандық бөлімі	Атбасар ауд., Атбасар қ., Уәлиханов к-сі, 11	8-71643-2-45-94 8-71643-4-07-22 8-71643-4-12-58
6)	Астрахан аудандық бөлімі	Астрахан ауд., Астраханка ауылы, Өл-Фараби к-сі, 44	8-71641-2-35-96 8-71641-2-21-94
7)	Бұланды аудандық бөлімі	Бұланды ауд., Макинск қ., Сейфуллин к-сі, 186	8-71646-2-37-20 8-71646-2-37-81
8)	Бурабай аудандық бөлімі	Бурабай ауд., Щучинск қ., Абылай Хан к-сі, 28	8-71636-4-29-97 8-71636-4-28-91 8-71636-4-59-28
9)	Егіндікөл аудандық бөлімі	Егіндікөл ауд., Егіндікөл ауылы, Победа к-сі, 7	8-71642-2-12-57
10)	Ерейментау аудандық бөлімі	Ерейментау ауд., Ерейментау қ., Мұсабаев к-сі, 15	8-71633-2-44-92
11)	Еңбекшілдер аудандық бөлімі	Еңбекшілдер ауд., Степняк қ., С ы з д ы қ о в к-сі, 2а	8-71639-2-22-41 8-71639-2-22-42 8-71639-2-22-18
12)	Есіл аудандық бөлімі	Есіл ауд., Есіл қ., Победа к-сі, 56	8-71647-2-22-07
13)	Жарқайың аудандық бөлімі	Жарқайың ауд., Державинск қ., Ғабдуллин к-сі, 104	8-71648-9-00-35 8-71647-2-22-05
14)	Жақсы аудандық бөлімі	Жақсы ауд., Жақсы ауылы, Ленин к-сі, 8	8-71635-2-17-10
15)	Зеренді аудандық бөлімі	Зеренді ауд., Зеренді ауылы, Мир к-сі, 52	8-71632-2-00-74 8-71632-2-29-43
16)	Қорғалжын аудандық бөлімі	Қорғалжын ауд., Қорғалжын ауылы, Абай к-і, 44а	8-71637-2-17-83 8-71637-2-20-36

17)	Степногор қалалық бөлімі	Степногор қ., 4 шағын аудан, 7	8-71645-2-00-40 8-71645-2-00-30
18)	Сандықтау аудандық бөлімі	Сандықтау ауд., Балкашино ауылы, Абылайхан к-сі, 119	8-71640-9-26-66
19)	Целиноград аудандық бөлімі	Целиноград ауд., Ақмол ауылы, Гагарин к-сі, 15	8-71651-3-12-30 8-71651-3-11-98
20)	Шортанды аудандық бөлімі	Шортанды ауд., Шортанды к., Безмянный тұйық көшесі, 1	8-71631-2-17-97
«Ақтөбе облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
1.	«Ақтөбе облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Ақтөбе қ., Тургенев к-сі, 109	8-7132-56-57-87
1)	№ 1 Ақтөбе қалалық бөлімі	Ақтөбе қ., Тургенев к-сі, 109	8-7132-57-80-27
2)	Қарғалы аудандық бөлімі	Қарғалы ауд., Қарғалы ауылы (Жилянка), Сәтпаев к-сі, 10	8-7132-98-60-06 8-7132-98-60-05
3)	Алға аудандық бөлімі	Алға ауд., Алға қ., Киров к-сі, 23	8-71337-4-20-79 8-71337-4-10-96
4)	Мартөк аудандық бөлімі	Мартөк ауд., Мартөк қ., Байтұрсынов к-сі, 1 «Б»	8-71331-22-4-13 8-71331-22-1-14
5)	Хромтау аудандық бөлімі	Хромтау ауд., Хромтау қ. Абай к-сі, 12	8-71336-26-6-33 8-71336-26-6-34
6)	Қандыағаш аудандық бөлімі	Мұғалжар ауд., Қандыағаш қ., Молодежный шағын ауд., 47«Б»	8-71333-30-2-19 8-71333-30-2-18
7)	Ембі аудандық бөлімі	Мұғалжар ауд., Ембі қ., Әміров к-сі, 10	8-71334-23-9-83
8)	№ 8 Темір аудандық бөлімі	Темір ауд., Шұбаркүдык қ., Байғанин к-сі, 15«А»	8-71346-23-5-83 8-71334-23-9-87
